Шығыс №1

14.05.2021

«ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына және ақын Ж. Жабаевтың 175 жылдығына арналған "Рухани жаңғыру" және "Ұлы даланың жеті қыры " мақалалары аясында, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында ұлттық спорт түрлерінен іс-шаралар өткізу» Мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша әлеуметті өнім берушілердің оның ішінде «Ансар Байғанин» ҚБ жұмыс тәжірибесі бойынша қате есептелген деп есептеймін.

Конкурстық құжаттамаға 6 қосымша Біліктілігі туралы мәліметтер бойынша Сатып алынатын көрсетілетін қызметтер нарығында жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттаркөрсетілген қызметтердің актілері мен шот-фактуралардың электрондық көшірмелері болып табылады. *(шот фактуралар ұсынбаған, бірқатарында жұмыстарды орындау актісі ұсынбаған)* Осыған сәйкес «Ансар Байғанин» ҚБ жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттар ұсыну барысында қызметтердің актілері мен шот-фактуралардың электрондық көшірмелерін толық ұсынбағанына қарамастан балл берілді.

Сонымен қатар Жобаны белгілі бір аумақта (астана, республикалық маңызы бар қала, облыс аудан, қала) іске асырған жағдайда – үкіметтік емес ұйымның тиісті жердегі жұмыс тәжірибесі бойынша Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы аумағында өткізілген іс шаралар бойынша жұмыс тәжирибесі қарастырылуы тиіс. Алайда «Ансар Байғанин» ҚБ жұмыс тәжірибесін растаушы құжаттарға сәйкес көрсетілген қызметтер Байғанин ауданы аумағынан тыс жерлерде өткізілгендігі ескерілмей балл берілген.

Жоғарыдағыларды баяндай келе конкурстық құжаттаманың қорытынды хаттамасын қайта қарауыңызды сұраймын.

"Байғанин ауданы бойынша Ұлттық ат спорт түрлері бойынша федерациясы" қоғамдық бірлестігінің басшысы **Бақдәулет М.Ғ.**